Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – Б. 325

МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ БӨЛЕКТЕП ЕНГІЗУГЕ АРНАЛҒАН СІҢІРГІШ

Володя К.

Егін шаруашылығын тиімді жүргізудің ең маңызды элементтерінің бірі топырақтың құнарлылығын сақтау және оны жақсарту болып табылады. Қазіргі кезде топырақ құнарлылығын арттырудың және сақтаудың ең тиімді жолы ол – тыңайтқыштар енгізу.

Минералды тыңайтқыштар топырақтың құнарлылығы мен ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімдері мен сапасын арттыру үшін қолданылады. Минералды тыңайтқыштарды дұрыс пайдалану дақылдардың өнімін арттырумен қатар, топырақты қоректік элементтермен байытады.

Тыңайтқыштарды енгізу мерзіміне байланысты негізгі (күзде немесе себуге дейін көктемде енгізіледі, өсімдіктерге қажетті тыңайтқыш мөлшерінің көп бөлігі осы кезде енгізіледі), бастапқы (себу жұмыстары кезінде) және үстеп қоректендіру (өсімдіктердің вегетациясы кезінде керекті микроэлементтер мен минералдардың жетіспеушілігін болдырмау үшін) болып бөлінеді. Минералды тыңайтқыштардың топырақ бетіне қатысты орналасуына қарай топырақ бетіне шашылатын және топырақ астына енгізілетін болып бөлінеді. Минералды тыңайтқыштарды топырақ бетіне шашу экологиялық зиянды және де тыңайтқыштардың топырақ бетіне таралуы біркелкі болмайды. Сондықтан тыңайтқыштарды топырақ астына, тамырдың жанына керекті мөлшерде ғана енгізген жөн.

Тыңайтқыштарды топырақ астына енгізу сіңіргіштер арқылы жүзеге асырылады. Қазіргі кезде минералды тыңайтқыштарды топырақ астына тұқыммен бірге енгізу көп тараған. Минералды тыңайтқыштарды тұқыммен бірге енгізгенде тұқымның химиялық күйік алуы ықтимал және тыңайтқыштар тұқыммен бір деңгейде орналасқандықтан, тұқым тамыр шашқан кезде минералды тыңайтқыштар тамырдың үстінде қалып қояды да тамырымен керекті тыңайтқыштарды сіңіре алмайды, яғни тыңайтқыш толығымен пайдаланбайды. Тұқымдардың зақымдануын болдырмау үшін және тыңайтқыш толығымен игерілуі үшін минералды тыңайтқыштарды тұқымнан 2-3 сантиметр төменірек енгізген жөн. Біздің ұсынып отырған сіңіргіш тыңайтқышты тұқымнан төмен себуге мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған сіңіргіштің жұмыс істеу принципі келесідей: топыраққа бірінші тыңайтқыш түседі, үстінен 2-3 сантиметр топырақ жабылып оның үстіне тұқым себіледі де тұқым 4-5 сантиметр топырақпен жабылады. Тұқым минералды тыңайтқыштарға тамыры дамып жетеді. Минералды тыңайтқыштарды тұқымнан бөлек және 2-3 сантиметр төмен отырғызу егін шығымын 15-20 %-ға өсіруге мүмкіндік береді.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д. Адуов М. А.